



Құнанбайұлына құрмет

10 тамыз – қазақ руханиятының күнтізбесіндегі айрықша белес. Бұл – ұлттың ұлы ақыны, ойшылы, ағартушысы – Абай Құнанбайұлының туған күні. Биылғы мерейлі дата – кеменгердің 180 жылдығы Қарағанды аймағында айрықша сән-салтанатпен өтіп жатыр. Облыстың қала-аулаларында гүл шоқтары қойылып, жыр оқылып, ғылыми жиындар мен өнер сайыстары ұйымдастырылып, әр іс-шарадан Абай сөзі мен рухының жылуы сезіледі. Бұл – өткенге тағзым ғана емес, болашаққа бағыт беретін рухани мереке. Мерейлі күні тек ұлы тұлғаның туғанын еске алып қана қоймай, оның мәңгілікке қалған мұрасын жаңғыртып, ұрпақ санасына сіңірудің, елді білімге, парасат пен әділетке жетелеген үнін қайта жаңғыртудың айқын көрінісі болды.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс аумағында биыл Абайға арналған 300-ге жуық шаралар өтеді. Мақсат – Абайдың шығармашылығын дәріптеу, ұрпақ санасына оның мұрасын сіңіру.

Алдымен облыс орталығындағы Абай ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. Салтанатты рәсімге облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, мәдениет және ғылым қайраткерлері, қала тұрғындары мен қонақтар қатысты.

– Бұл мен үшін ерекше мереке. Абайдың әр өлеңін, әр сөзін жүрегіммен қабылдаймын, олардың бәрі жан дүниеде терең үн қатады. Үстелімде оның кітабы әрдайым жатады және Абайдың шығармаларын оқыған сайын ол біз жайлы айтып, бізге тіл қатқандай әсер аламын. Осындай ұлы тұлғаның біздің тарихымызда болуы – зор мақтаныш әрі шексіз қуаныш, – деді Әбілқас Сағынов атындағы техникалық университеттің академиялық мәселелер жөніндегі ректоры Бекболат Нүсіпбеков.

Ескерткіш маңында ұлы ақынның жырлары оқылып, терең мағыналы өлең жолдары тыңдарманның жүрегіне жетті.

Мерейтойда Қарағанды өңірі бір сәтке рухани сахнаға айналды. Ақын өмірі мен шығармашылығына арналған көрмелерден бастап, дөңгелек үстелдер мен ғылыми-тәжірибелік конференциялар, мәнерлеп оқу байқаулары, айтыстар мен театрландырылған қойылымдарға дейінгі әр шарадан Абайдың үні, Абайдың ойы, Абайдың рухы сезілді. Бұл – өткенді еске алудың ғана емес, ғасырлардан жеткен сұхбатты жалғасты-

рудың, ұрпақтан-ұрпаққа аманат етілген сөзді қайта жаңғыртудың көрінісі.

Мерекелік бағдарлама облыстың түпкір-түпкірін шарлап, қала мен ауылдың, үлкен мен кішінің жүрегін бір арнаға тоғыстырды. Бұл топырақта Абай есімі әрдайым қастерлі. Бір қала, бір аудан, екі ауылдық округ, сексеннен астам көше және тоғыз мектеп оның атын иеленген. Бұл білім ордаларында төрт мыңнан

астам бала тәлім алуда. Ал Қарағанды, Шахтинск және Абай қалаларындағы үш ескерткіш – мемлекеттің қорғауында, халықтың жүрегінде.

Абай ұрпаққа поэзия мен ән ғана емес, уақыттан озған терең философиялық мұра қалдырды. Оның «Қара сөздері» – әлі күнге дейін өзекті, әлі күнге дейін білімге, әділетке, рухани кемелдікке бастайтын шамшырақ.

– Бүгін біз Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қойдық. Сол сәтте оның рухы бізге тым жакын, сөздері жүрегімізге тым жылы сезілді. Абай есімі ұмытылмас, мұрасы мәңгілік тұлға, – деді колледж студенттері Дарина Увалиева мен Камила Төменбаева.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО



• РЕСМИ

Мереке қатары толықты

Қазақстанда кәсіби мерекелер қатары толықты. Еліміздің Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен кәсіби мерекелер тізіміне бірқатар өзгеріс енгізіліп, бес жаңа сала мамандарының кәсіби мейрамы ресми түрде бекітілді.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа ережеге сәйкес, шілде айында екі бірдей кәсіби мереке атап өтіледі. Атап айтқанда, 7 шілде – Қазақстан колөнершілер күні, ал, 9 шілде Табиғи монополия саласы қызметкерлерінің күні ретінде белгіленді. Бұл күндер еліміздегі колөнер шеберлерінің еңбегі мен табиғи ресурстарды басқару саласында еңбек етіп жүрген мамандардың жұмысын көтермелеу мақсатында бекітілді.

Сондай-ақ, 15 қыркүйек – Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет күні болып жарияланды. Бұл күн жұқпалы аурулардың алдын алу мен қоғамдық денсаулықты қорғау саласында қызмет атқаратын мамандардың рөлін айшықтайды.

Қоғамдық тамақтану саласы қызметкерлері де назардан тыс қалмады. Енді 20 қазан күні осы сала мамандарының кәсіби мерекесі ретінде тойланады. Ал, 29 қазан – Қазақстан кәсіпкерлері күні ретінде бекітіліп, отандық бизнестің дамуына үлес қосып жүрген кәсіпкерлердің еңбегі дәріптеледі.

Сонымен қатар, бұрын желтоқсан айының соңында аталып өтетін Энергетиктер күніне қатысты да өзгеріс жасалды. Енді бұл мереке жыл сайын 22 желтоқсанда тойланбақ.

Жаңа кәсіби мерекелердің енгізілуі түрлі сала қызметкерлерінің еңбегін бағалау мен құрметтеуге бағытталған игі бастама ретінде қабилданыры анық.

• БҮГІН – ЖАСТАР КҮНІ

Болашақты бүгін жасайтын буын

Жастар – қай елде де, мейлі қай кезде де өз заманын оятушы һәм өз дәуірінің туын ұстаушы. Олар өз кезеңінің жауапкершілігін арқалайды. Сөйтіп, мемлекеттің өркендеуі мен ұлт дамуының қозғаушы күшіне айналып, тарихи сабақтастықтың ізін жалғайды.

Елімізде осындай жалынды Жастардың мерекесі 12 тамызда тойланады. Бұл күн – асқақ армандармен алға ұмтылған, ел болашағының иесі саналатын жас ұрпақтың мерекесі.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Қазақстанның болашағы – отаншыл, білімді, еңбекқор азаматтардың, яғни жастардың қолында. Мен жас ұрпақтың жасампаздық қуатына сенемін!» – деген болатын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Бұл сөз – ел болашағы – жастардың дамуына, даңғыл жолға түсуіне бағыт берді.

Жастар – елдің қоғамдық, саяси және экономикалық өмірінің белсенді қатысушылары. Біздің еліміз жастар саясатын қалыптастыруға және іске асыруға ерекше назар аударады. Олардың өзін-өзі дамытуына, кәсіби өсуіне жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Жас қауымға арналған игілік
Бүгінгі таңда облыс халқының төрттен бір бөлігін жастар қамтиды. Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың мәліметінше, өңірдегі жастардың саны 303 мыңнан асады. Қарағанды облысы еліміздегі жастар саясатын дамытуда белсенді қадамдар жасап, жас ұрпақтың әлеуетін то-

лық ашуға бағытталған түрлі бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруда. Мәселен, жастарға арнайы қаржылай қолдау, жұмыспен қамту, тұрғын үймен қамтамасыз ету, кәсіпкерлікті қолдау, әлеуметтік жобаларға гранттар беру. Облыс жастары осы жобалардың қандай игілігін көруде? Қысқаша тоқталып өтейік.

Өңірдің жас тұрғындарына жазғы демалыс кезінде еңбек тәжірибесінен өтіп, алғашқы еңбекақысын алуға мүмкіндік бар. Мәселен, 14 жастан асқан жасөспірімдер «Жасыл ел» жасақтарында жұмыс істеп, еңбегін тауып жүр. Биыл «Жасыл ел» еңбек маусымында 5 мың жас еңбек етуде. Бұл көрсеткіш еңбекқор жастардың жыл сайын артып келе жатқанын көрсетеді.

Жастар арасындағы ең маңызды мәселе – тұрғын үй мәселесі. Баспанасыз жоқтың, бабы болмайтыны белгілі. 2022 жылы жас мамандарды қолдау мақсатында өңірде «Қарағанды жастары» өңірлік ипотекалық бағдарламасы іске қосылды. 3 жылдың ішінде осы бағдарламаның игілігін көріп, 326 жас баспаналы болды.



Сурет ашық дереккөзден

Келесі жоба – жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту. Кәсіп ашамын деушілерге жыл сайын облыс әкімі мен қала әкімі тарапынан гранттар беріліп келеді. Бүгінде қаншама жас осы жоба аясында кәсібін ашып, ісін дөңгелетіп отыр.

Жастар жеткен жетістік
Өңір жастары бүгінде әр салада қызмет етіп, жетістіктерін паш етіп келеді. Білім

беру саласында жастар республикалық пәндік олимпиадаларда жоғары нәтижелер көрсетуде. Биыл өткен республикалық олимпиадада Қарағанды облысы 13 жүлделі орын иеленді. Бұл – сапалы білім берудің аймақтық деңгейде де жүйелі түрде дамып жатқанын көрсетеді. Сондай-ақ, Қарағанды облысы елімізде кәсіби-техникалық білім беру мен жұмысшы кадрларды даярлауда көшбасшылардың бірі саналады.

Әлеует әлсіремеуі керек

2025 жылдың алғашқы жеті айының қорытындысы бойынша облыста жұмыссыздық деңгейі 4,0%-ға дейін төмендеген. Бұл – өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,2 пайыздық тармаққа аз және республикалық көрсеткіштен 0,6 пайызға төмен. Бұл туралы облыс әкімдігінің аппарат отырысында жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Төлеу Мұхтар мәлімдеді.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Жұмыссыздық деңгейі төмендеді

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жұмыссыздықпен күрес пен жаңа жұмыс орындарын ашудың өңір дамуы үшін стратегиялық маңызға ие екенін атап өтті. – Әр қала мен ауданда жұмыспен қамту бойынша жоспарлардың толық орындалуы аса маңызды. Бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты бақылауда болады, – деді облыс әкімі.

Ол халықты жұмыспен қамту – мемлекеттік саясаттың басым бағыты екенін еске салды. Биылғы жылдың өзінде ғана облыс бойынша еңбек нарығында бірқатар оң өзгерістер байқалып отыр.

Басқарма басшысының айтуынша, облыстағы еңбек нарығы тұрақтылыққа бет алған. Биылғы жылға бекітілген Өңірлік жұмыспен қамту картасы аясында 48 мың адамды жұмыспен қамту көзделген.

– Жоспар бойынша жобалар аясында – 3,6 мың, бос жұмыс орындарына – 22 мың, жеке бастамалар бойынша – 14 мың, кәсіпкерлік бастамаларды қолдау аясында 348 адам қамтылады. Өткен жеті айда 23 мыңнан астам тұрғын жұмыспен қамтылып, оның ішінде, 18 731 адам нақты жұмысқа орналасты. Атап айтсақ, 3,4 мың адам – жаңадан құрылған жұмыс орындарына, 8,6 мың адам – бос жұмыс орындарына, 6,7 мың адам – субсидияланатын жұмыс орындарына бағытталды, – деп атап өтті басқарма басшысы.

Субсидияланатын жұмыс орындарының бөлінісі де назардан тыс қалмады. Жастар практикасына – 405, әлеуметтік жұмыс орындарына – 469, қоғамдық жұмыстарға – 3 830, «Алғашқы жұмыс орны» жобасына – 127, «Ұрпақтар келісімшартына» – 7 (28%), «Күміс жас» жобасына – 1 339 (67%), «Алтын жас»



жобасына – 530 адам (136%) бөлінген. Жалпы жұмыспен қамтылғандардың ішінде шамамен 7,5 мыңы жастар.

Зейнет жасындағыларға мүмкіндік

Облыста зейнет жасындағы азаматтарды еңбекке тартуға бағытталған «Алтын жас» жобасы биылдан бастап іске қосылды. Жоба бойынша еңбекақының 50%-на дейін, бірақ, 85 мың теңгеден аспайтын мөлшерде жалақыны субсидиялау көзделген.

– Осы жоба аясында 530 адам жұмысқа орналасты. Мәселен, Осакаров ауданы, Мирное ауылынан Владимир Дербенев 2025 жылдың 11 ақпанында «Золотая Нива 2020» ЖШС-не тракторшы болып жұ-

мысқа қабылданды. Ал, Бұқар жырау ауданы, Ботақара кентінен Михаил Сивчиков 2025 жылдың 17 ақпанынан бастап, «Арман» ЖШС-інде elektrik қызметін атқарады. Мұстафин ауылында тұратын Құланда Үскембекова болса, «Қасымбекова» ЖШС-де ас үй қызметкері ретінде жұмыс істеп жүр, – деді Төлеу Мұхтар. Ресми дерекке сүйенсек, 2025 жылдың 7 айында 857 мүмкіндігі шектеулі азамат жұмысқа орналастырылған. Олардың ішінде, есту қабілеті бұзылған – 10, көру қабілеті бұзылған – 2, тірек-қимыл аппараты зақымданған 1 адам бар. Олар үшін арнайы жабдықталған 14 жұмыс орны құрылды.

Бұдан бөлек, жазғы демалыс кезінде 1 329 студент пен мектеп оқушысы қоғамдық жұмыстарға тартылғанын атап өту керек.



Білім беру мен кәсіби бағыт-бағдар

«Бастау Бизнес» жобасы аясында 1 181 адам кәсіпкерлік негіздеріне оқытылған. Әлеуметтік осал топтарға жалпы сомасы 210,78 млн теңге болатын 225 грант бөлінді деп жоспарлануда. Шілде айында оның 91-і табысталса, тамызда тағы 134 грант берілімек.

Табысты мысалдар да баршылық. Атап айтсақ, Шынар Бактыбайқызы – мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отырған ана. 1,57 млн теңге көлеміндегі грантқа ие болып, «NeuroTen» нейрокоррекциялық орталығын кеңейтті.

Ал, II топтағы мүмкіндігі шектеулі жан Аделина Битюкова «Среда» шығармашылық кеңістігі жобасы аясында мемлекеттік грантқа қол жеткізіп, қазір 4 адам жұмыс істейтін инклюзивті студия табысты жұмыс жүргізуде.

Кәсіптік білім беру бағытында қысқа мерзімді курстарға – 490 адам жіберіліп, (оның ішінде, 62 адам – жұмыс орнында оқуда), SkillsEnbek онлайн платформасы арқылы – 2 565 адам оқудан өткен. «Jumys Tar» жобасы аясында 359 әлеуметтік осал тұлға қамтылып, оның ішінде, 150 адам 3 колледжде арнайы мамандыққа оқыды.

Сонымен бірге, электрондық еңбек биржасының базасында Mansap.enbek.kz платформасы іске қосылды. Ол жастарға сұранысқа ие 400-ден астам мамандық бойынша нақты ақпарат береді және кәсіби бағдар ұсынады.

Одан бөлек, студенттерге арналған өндірістік практика функционалы іске қосылып, оларды жұмыс берушілермен байланыстыру мүмкіндігі қарастырылған.

Жүйелі жұмыстың нәтижесі

Облыс аумағында еңбек нарығындағы оң динамика – жоспарлы әрі тиімді мемлекеттік бағдарламалардың нәтижесі. Облыс әкімдігі мен басқарма тарапынан көрсеткіштерді тұрақты бақылау және жергілікті деңгейдегі орындаушылық жауапкершілікті арттыру арқылы жыл соңына дейін жоспар толық орындалады деп күтілуде.

– Халықты жұмыспен қамту – әкімдер мен басқарма басшылары үшін басты міндеттердің бірі. Қол жеткізілген әрбір көрсеткіште нақты адамның тағдыры тұр. Жоспарда тұрған 48 мың адам толық жұмыспен қамтылуы тиіс, – деді жиынды қорытындылаған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

• ТАҒАЙЫНДАУ

Басқармада – жаңа басшы

Қарағанды облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы болып Саян Мұратұлы тағайындалды.



Ол мемлекеттік қызметте 2015 жылдан бері еңбек етіп келеді. Балқаш қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінде абаттандыру, автомобиль жолдары, жолаушылар көлігі және коммуналдық шаруашылық секторының бас маманы болып жұмыс істеген. Сондай-ақ, Қарағанды облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасында сумен жабдықтау және су бұру бөлімінің бас маманы және бөлім басшысы қызметтерін атқарған.

2022 жылдан 2024 жылға дейін Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары болды.

2024 жылғы қазан айынан бастап, осы тағайындауға дейін Қарағанды облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарды.

Өз тілшімізден

Салық жүйесінде тың серпін

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Осыған байланысты еліміздің барлық өңірлерінде түсіндіру жұмыстары басталды. Солардың бірі – Қарағанды қаласындағы «Достық үйінде» өткен ауқымды семинар. Семинарды Қаржы министрлігіне қарасты Мемлекеттік кірістер комитеті ұйымдастырып, аймақ кәсіпкерлеріне жаңа салық саясатының ерекшеліктері жан-жақты түсіндірілді. Семинарға республикалық деңгейдегі салық саласының мамандары, өңірлік мемлекеттік кірістер департаментінің өкілдері және кәсіпкерлер мен сарапшылар, мекемелердің есепшілері қатысты.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Әділетті және тиімді жүйе құру

Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары Жәнібек Нұржанов жаңа Салық кодексінің негізгі мақсатын атап өтті.

– Бұл құжат салықтық әкімшілендіруді жеңілдетуге, жүйенің ашықтығын арттыруға және бизнес пен мемлекет арасындағы өзара сенімді нығайтуға бағытталған. Салық төлеушілер үшін барынша ыңғайлы, әділ әрі тиімді орта құру – басты басымдықтардың бірі, – деді ол.

Жаңа кодекс 2025 жылғы 18 шілдеде Мемлекет басшысының қол қоюымен қабылданды. 2026 жылдан бастап, қолданысқа енгізіледі. Оған дейін еліміздің барлық өңірінде жүйелі түсіндіру жұмыстары жалғасатынын атап өткен жөн.

Қарағандыдағы семинар барысында арнайы құрылған орталық жұмыс тобының мүшелері сөз сөйлеп, Салық кодексінің нормаларын түсіндірді, қойылған сұрақтарға жауап берді. Атап айтсақ, олардың қатарында Комитеттің әдістеме департаменті директорының орынбасары Ораз Абдрахманов. Өндірістік емес төлемдерді әкімшілендіру басқармасының басшысы Гүлмира Смағұлова, Қарағанды облысы бойынша

Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Азамат Сүлейменов бар.

Кодексте қандай өзгерістер бар?

Жаңа Салық кодексі салық салудың барлық бағытын қамтитын кешенді өзгерістерді қарастырады. Жиында бұл туралы егжей-тегжейлі айтылды.

Жаңа Салық кодексіндегі басты өзгерістерді бірнеше топқа жіктеп көрсетуге болады. Жаңа кодексте шағын және микробизнеске арналған арнайы салық режимдері сақталып отыр. Микробизнес субъектілері бұрынғыдай салықты жеңілдетілген тәртіпте төлеуді жалғастырады, кейбір қызмет түрлері мүлдем салықтан босатылады, ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін ҚҚС-тен босату мөлшері 70%-дан 80%-ға дейін арттырылды және бірнеше есеп беру формасы жойылып, оның орнына біртұтас жиынтық есеп енгізіледі.

Салықтық есептілік көлемі 30%-ға қысқарады, салық түрлерінің саны 20%-ға азаяды, салықтық жеңілдіктер мен алымдар оңтайландырылып, қайталанатын және тиімсіз тетіктер жойылмақ.

ҚҚС бойынша өзгерістерде базалық ставка – 16% болып белгіленді (бұрын 12% еді), дәрі-дәрмек пен медициналық қызметтер үшін ҚҚС – 2026 жылы – 5%, 2027 жылы – 10%.

ҚҚС-тан Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және те-

гін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясындағы қызметтер, кітап басып шығару (тек баспа түрінде), археологиялық қазба жұмыстары, жеке және корпоративтік салықтарға қатысты жаңалықтар босатылады.

Корпоративтік табыс салығында негізгі мөлшерлеме – 20% болса, банктерге (бизнес субъектілерін несиелеуді қоспағанда), ойын бизнесіне 25% мөлшерлеме енгізіледі. Әлеуметтік саладағы ұйымдарға – 2026 жылы – 5%, 2027 жылы – 10%. Ал, ауыл шаруашылығы үшін жеңілдік мөлшерлеме сақталады – 3%.

Жылдық табысы 8 500 АЕК-тен асқан азаматтарға – 15% ставка қолданылады. Мұнда дивидендтер мен жылдық табысы 230 000 АЕК-тен асатын кәсіпкерлер үшін де – 15%.

Қымбат мүлік пен тауарларға 10% акциз салығы енгізіледі. Олардың қатарына бағасы 75 млн теңгеден асатын автокөліктер, 100 млн теңгеден қымбат теңіз кемелері, алкоголь мен сигара өнімдері жатады. Сонымен бірге, 450 млн теңгеден жоғары жылжымайтын мүлікке мүлік салығы ұлғаяды.

БЖЗҚ арқылы төленетін зейнетақы төлемдері жеке табыс салығынан босатылады, 10 жылдан асқан автокөліктерге көлік салығы төмендетіледі және мүгедектігі бар азаматтар үшін әлеуметтік шегерім мөлшері артты.

Салық төлеушілерге арналған мобильдік қосымша арқылы төлемдерді есептеу және төлеу мүмкіндігі беріледі. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнайы режим қарастырылған. Сонымен бірге, бірінші жер салығы жойылып, арнайы салық режимдері үшке қысқартылды.

Жаңа кодекске сәйкес, 2026 жылдан бастап жоспарлы салықтық тексерулер тоқтатылады. Барлық тексерулер тек ерекше жағдайларда – мерзімінен тыс жүргізіледі.

Нақтырақ айтсақ, шағын биз-



нес үшін – жылына ең көбі екі сұрату ғана, барлық тексеріс мерзімі (тоқтатуларды қоса есептегенде) – 180 күннен аспауы тиіс және мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлері салық төлеушімен тек Электронды кабинет арқылы байланысады.

Жәнібек Нұржановтың айтуынша, болашақта салық берешегін өндіріп алу, бөліп төлеу немесе кейінге қалдыру рәсімдері жеңілдейді. Шағын берешек үшін шоттар бұғатталмай, шаралар кезең-кезеңімен қолданылмақ.

Занды білмеу – жауапкершіліктен босатпайды

Жиынға қатысқан Қарағанды қаласының салықтық құқық бойынша маманы, салық даулары жөніндегі заңгер Айжан Балакешова жаңа кодексті мұқият оқып-үйренудің маңыздылығын атап өтті.

– Бұл – ескі заңды түзету емес, тұтастай жаңа кодекс. Жаңа салық режимдері, есеп беру тәртібі, са-

лық мөлшерлемелері – бәрі жаңаша. Иә, кейбір нормалар ауыр, бірақ кей кәсіпкерлерге жеңілдік те бар. Бұл реформаны елеуге болмайды. Заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды, – деді сарапшы.

Сонымен қатар, ол үкіметтен цифрландыру процесін жеделдетуді сұрайтынын да айтты өтті.

Сарапшы гибриді режимге ерекше тоқталды. Бұл – бұрынғы жеңілдетілген режим мен бөлшек салықтың элементтері араласқан жаңа тәртіп. Алайда, оған кіру үшін белгілі бір операцияларды жүзеге асыру қажет.

«Кодекстегі жеңілдіктер аз көрінуі мүмкін, бірақ олар бар. Мәселе – оларды түсініп, дұрыс қолдану. Әр кәсіпкер заңды өзі үшін зерттеуі тиіс», – деп қосты Балакешова.

Түйін

Жаңа Салық кодексі – тек салық мөлшерлемелерін өзгерту емес. Бұл – елдегі салық мәдениетін

жаңа деңгейге көтеруді, мемлекет пен бизнес арасындағы қатынасты жаңаша форматта құруды көздейтін кешенді қадам. Кәсіпкерлер, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, шаруа қожалықтары – бәрі өзгерістерді жіті бақылап, жаңалықтарды назардан тыс қалдырмауы тиіс.

Кодекстің толық нұсқасы ашық қолжетімді. Әр азамат оны оқып, құқықтары мен міндеттерін білуі тиіс.

Қарағандыда өткен семинар мемлекет пен бизнес өкілдері арасындағы ашық диалогтың үлгісіне айналды.

Енді кәсіпкерлер мен азаматтарға өз қызметін жаңа ережелерге бейімдеуге бір жылдан астам уақыт беріліп отыр. Бұл уақытты тиімді пайдалану – әр салық төлеушінің міндеті. Ал, аймақтарда өтіп жатқан осындай кездесулер – нақты сұрақтарға жауап алуға таптырмас мүмкіндік. Себебі, 2026 жылдан бастап, жаңа ереже күшіне енетінін ескерсек, оған дайын болу – бүгіннен басталуы керек.

• ӨЗЕКТІ

Жол жауапкершілікті талап етеді

Кейінгі кездері Осакаров ауданында жол-көлік оқиғаларының жиілегені байқалады. Соған орай, аудан әкімі Руслан Нұрмұханбетов құқықбұзушылықтардың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кезектен тыс отырысын өткізді.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жақында ғана аудан орталығында екі ауыр жол апаты болып, салдарынан бір әйел қаза тауып, бір бала жарақат алған. Жиын барысында осындай қайғылы жағдайға душар еткен апаттардың себеп-салдары талданып, жол-көлік оқиғаларының алдын алу мен азайту амалдары қаралды.

Аудандық полиция бөлімі басшысының орынбасары Болат Исин құқық қорғау органдары тарапынан атқарылған жұмыстар бойынша баяндама жасады. Оның айтуынша, биылғы жылдың басынан бері көшелер мен жолдарда құқықбұзушылықтардың алдын алуға бағытталған бірқатар профилактикалық шаралар жүргізілген. Айтып отырған аралықта ауданда 751 әкімшілік құқықбұзушылық анықталса, соның ішінде 12 дерек ҚР ӘҚБтК-нің 608-бабы бойынша (көлікті мас күйде жүргізу) тіркелген.

Алайда, тұрақты жүргізілетін алдын алу, сақтандыру шараларына қарамастан, жыл басынан бері ауданда 6 жол-көлік оқиғасы болыпты. Сол апаттардан 4 адам көз жұмып, 3 азамат түрлі дене жарақатын алған.

Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Саят Бекенбаев атқарылып жатқан іс-шаралар тура-

лы баяндады. Оның айтуынша, аудан орталығындағы жол қауіпсіздігін арттыру мақсатында қосымша бағдарламалар орнату жоспарланған. Дегенмен, конкурсқа қатысуға ниет білдірген мердігерлердің болмауына байланысты сатып алу рәсімдері бірнеше рет өткізілмей қалыпты. Бөлім басшысы енді төртінші рет жарияланған конкурс жақында аяқталып, бағдаршам мәселесі көп ұзамай шешіледі деп сендірді.

Жиын қорытындысында аудан әкімі тиісті сала басшыларына, ауылдық округтердің әкімдері мен құзырлы органдардың өкілдеріне нақты тапсырмалар жүктеді. Атап айтқанда, жол қозғалысы ережелерінің сақталуын қадағалау күшейтіліп, патрульдік топтар толық жасакталып, халық арасында профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілуі тиіс.

Аудан басшысы жол қауіпсіздігі барлық құрылымдардың үйлесімді жұмысы мен жолдағы халықтың өзіне де байланысты екенін атап өтті. Адамның өмірі мен денсаулығына қатысты мәселеге немқұрайды қарауға болмайды. Бұл орайда апаттың алдын алу – басты міндет. Жол қозғалысына қатысушылар, әсіресе, көлік тізгіндеген азаматтар өзінің де, өзгенің де өмірін естен шығармағаны абзал.

Осакаров ауданы

Цифрлық қолтаңба алу оңай

Биыл 11 тамыздан бастап Қазақстанда электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) алу рәсімі елауір жеңілдетіледі. Енді ЭЦҚ-ны алу толықтай онлайн форматта қолжетімді болады. Бұл азаматтарға уақыт үнемдеп, процесті барынша жеңіл әрі ыңғайлы етуге мүмкіндік береді. ЭЦҚ-ны үйден шықпай-ақ немесе Халыққа қызмет көрсету орталықтарындағы өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында рәсімдеуге болады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ЭЦҚ алу рәсімі кезең-кезеңімен жүзеге асырылады және барынша оңтайландырылған. Алдымен азаматтар egov.kz немесе rki.gov.kz порталдарының біріне кіріп, онлайн өтінім толтырады. Бұдан кейін жүйе биометриялық сәйкестендіру кезеңіне өтеді. Үдеріс бейнекамера арқылы жүзеге асырылады, мұнда адамның бет-бейнесі арнайы технология көмегімен автоматты түрде танылады. Тұлғаның жеке басы сәтті расталған жағдайда, халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкерлерінің қатысуынсыз-ақ, ЭЦҚ кілті бірден онлайн режимде беріледі.

Егер жүйе сіздің жеке басыңызды сәйкестендіре алмаса, мәселен фотосурет базада жоқ болса, немесе техникалық ақау орын алса, пайдаланушыға қайтадан әрекет етуге мүмкіндік беріледі. Биометриялық тексеруден бес ретке дейін өтуге

рұқсат етіледі. Осы әрекеттер нәтижесіз болса ғана азамат ХҚКО-ға барып, қажетті құжаттар топтамасымен оператор арқылы жеке басын растауға өтініш бере алады. Биометриялық сәйкестендіруден өтпеген жағдайда ХҚКО операторы арқылы өтінім беру мүмкін емес екені қатаң ескертіледі.

Интернетке немесе компьютерге қолжетімділігі жоқ азаматтар үшін ХҚКО-ның өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарында биометриядан өту мүмкіндігі қарастырылған. Бұл жағдайда да, егер сәйкестендіру сәтті өтсе, ЭЦҚ онлайн түрде рәсімделіп, оператордың қатысуы талап етілмейді.

Айта кетелік, осы жылдан бастап, өзге адамның электрондық цифрлық қолтаңбасын (ЭЦҚ) заңсыз пайдалану әкімшілік құқықбұзушылық болып саналады. Бұл норма Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 640-бабында нақты көрсетілген.

«Сарыарқа» ӘКҚ «АҚ Балқаш қаласында ауданы – 5,5152 га жер учаскесіне «Қарағанды облысының Балқаш қаласында кемінде 60 немірлі қоры бар «4» және «5» Жұлдыздар санатындағы қонақ үйді жобалау және салу» инвестициялық жобасын бірлесіп іске асыру үшін серіктес таңдау бойынша конкур жариялайды.

Конкурсты өткізу күні: 2025 жылғы 3 қыркүйек, жергілікті уақыт бойынша сағат 15:00, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 4, 113 каб.

Өтінім беру мерзімі: 2025 жылдың 12 тамыздан 2 қыркүйекке дейін.

Инвестициялық жоба және конкурс шарттары бойынша ақпарат sprk-saryarka.kz сайтында орналастырылған.

Ақын көшесінде

Ұлы Абайдың биылғы 180 жылдық мерейтойына орай Бұқар жырау ауданы Ботақара кентіндегі ақын атындағы көшеде ақынның ескерткіш тақтасы ашылды.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы ескерткіш тақтаның авторы – аудандық мәслихаттың депутаты, осындағы Руханият ҚББО – ЮНЕСКО клубының ұстазы Амантай Ақышев. Ұлттық өнер мен тарихты темірқазығына айналдырып, мүсіншілікті жанына серік еткен ол өзі қолға алған «Он бір бағыттағы он бір қадам» жобасы аясында осынау көрнекті дүниені Қордайдың сұр гранитінен қашап жасап, тастың бетіне Абай бейнесін бәдіздеп, оның сыртына кеменгер, ойшыл тұлғаның «Қайрат, ақыл, жүректі бірдей ұста» деген ұлағатты сөздерін жазып қойған.

Қазірде 41 отбасы тұрып жатқан Абай көшесінің тұрғындары үшін бұл үлкен сый болып, олар да аянып қалмай, мереке құрметіне киіз үйін тігіп, палауы мен бауырсағын пісіріп, асын қамдап, келген жұртшылықты құшақ жая қарсы алды.

Ұлы ақын атындағы көшенің басында орнатылған ескерткіш тақтаның салтанатты ашылу сәтінде Бұқар жырау аудандық мәслихатының төрағасы Асхат Әли мен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Төкен Арбабаев құттықтау сөз сөйлеп, Адамзаттың Абайының Алашының жүрегінен мәңгі өшпей, ғасырлардан-ғасырларға жалғаса беретінін айтса, осы



көшенің байырғы тұрғыны, еңбек ардагері Карима Бисмилдина да осы игі іске көршілері атынан алғысын білдіріп, шашу шашты. Ал, ауыл молдасы Сұлтанғали Бектасұлы Абай аруағына дұға бағыштады.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев та Абай мұрасына ерекше баға беріп: «Абай Құнанбайұлы – ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен кара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүние-

танымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды», – деп атап өткен болатын.

Бұдан кейін көше қуанышына ортақтасқан қалың көпшілік аудандық орталық кітапхана қызметкерлері ұйымдастырған ашық көрмені тамашалап, онда Абай шығармашылығымен танысып, оларға жадынамалар таратылды.

Келесі кезекте сахна төрінен жергілікті халық театрының артистері Ұлы Абайдың өмірінен шағын қойылым көрсетіп, ақынның өлеңдері мен кара сөздері

• ҚҰРМЕТ

Еңбек еш кетпейді

Балқаш қаласында тыл және еңбек ардагері Мұқажан Есенбековтің туғанына 100 жыл толуына орай ардагердің тұрған үйіне мемориалдық тақта орнатылды.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемориалдық тақтаның ашылу салтанатында қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысы Ізбасар Шәкенов қала тарихы үшін маңызды оқиға екенін атап өтіп, еңбек ардагерінің есімін ұрпақтар жадында қалдыру қажеттігін айтты. Ол Мұқажан Есенбековтің саналы ғұмырын Отан мен халыққа арнап, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда еңбек етіп, елге азықтүлік пен мал өнімдерін өндіруге зор үлес қосқанын еске салды.

Ескерткіш тақта ашылған салтанатта Мұқажан Есенбековтің шәкірті Қуандық Бейсембаев оның

адал еңбегі мен ұлағатты өмірін еске алып, ықыласпен сөз сөйледі. Ақын Қуаныш Максұтов та өзінің естеліктерімен бөлісіп, Мұқажан әкенің туған ел мен жер үшін сіңірген еңбегін жоғары бағалады. Сонымен қатар, Мұқажан Есенбековтің баласы, Мәдениет қайраткері Ғабиден Есенбеков әкесінің өмір жолына тоқталды. 1925 жылы Ақтоғай ауданында дүниеге келіп, Қаратал совхозы, Шабанбай би ауылында соғыс кезінде тылда еңбек етіп, қой бағып, егін өсірген. 1946 жылы Сталиннің қолынан «Еңбектегі ерлігі» медалін алған ол 1952 жылы Теміртауда жұмыс істеп, 1956 жылы Балқаш қаласындағы түрлі-түсті металдар зауытына қабылданған. Мұқажан Есен-



беков осы зауытта 50 жыл бойы еңбек етті.

Ол соғыс жылдары тылда еңбек етіп, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Мұқажан ақсақал сондай-ақ ұр-

пағын адалдыққа, еңбексүйгіштікке, отасуыгштікке тәрбиелеген ұлағатты әке және ата болды. Оның ұлдары мен немерелері ел дамуына өз үлестерін қосып келеді.

БАЛҚАШ

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

«Айгөлек» қамқорлыққа зәру

Егіндібұлақ ауылындағы «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы – коммуналдық-мемлекеттік мекемесі 1975 жылы 140 орындық мектепке дейінгі тәрбие орны болып ашылды. Пайдалануға берілгеніне жарты ғасыр өткен мекеме ғимараты содан бері күрделі жөндеу көрмеген екен. Таяуда Егіндібұлақ ауылында болғанымызда бөбекжай-балабақша үйінің қалжырап тұрғанын байқадық. Мекеме жабық тұр екен. Ауыл әкімі Бейбіт Төлекеев мырза мектептердегі оқу жылы аяқталғанда балабақша да жұмысын тоқтатып, қызметкерлері еңбек демалысына кететінін, жаңа оқу жылы басталғанда мұнда да жұмыс басталатынын, оған дейін үйге жөндеу жұмыстары жүретінін айтты.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Елімізде тәуелсіздік жылдары ең оң өзгерістерге ұшыраған саланың бірі – білім беру жүйесі. Соңғы кездері жүргізілген сондай бір реформаның салдарынан аграрлық аудандардағы және монокалаларда білім мен тәрбие беру мекемелерін салу, оларды жөндеуден өткізу және жабдықтау жергілікті атқару органдарынан алынып, облыстық білім басқармаларына берілді. Бұл теріс шешім, облыстан алыстағы мекемелердің жағдайын мұндағы басшылар мен мамандар білмейтінін алға тартып, кейбір аудан мен қала әкімдері қарсы болғанымен, көпшілік бас шұлғып мақұлдады. Осындай шалағай шешімнің

зардабын тарта бастағанның бірі – «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы. Жаңа оқу-тәрбие жылы басталуына жиырма күннен салғана астам уақыт қалды. Ал мұнда жөндеу жұмысы қолға алынған да жоқ. Оның себебін анықтаудың өзі оңай емес. Нақты жауап беретін қызметкерді табу қиын. Облыстың білім басқармасына хабарласып, оған қарасты мекемелердің жөндеу жұмысына жауапты маман Бағлан Райымжанова екенін білген соң, салып ұрып сонда барайын. Бағлан Серікқызы орнында жоқ екен, мұндағы бас маман Жансая Амангелдіқызы Егіндібұлақ ауылындағы «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасының жөндеу жұмысына 43 миллион 616 мың теңге бөлінгенін, бірақ тендер ойнатудың алғашқы

кезеңінде жеңімпаз анықталмағанын, енді тендердің екінші кезеңі өтетінін мәлімдеді. Сонымен бірге, ғимарат терезелері ауыстырылғаннан басқа қандай жұмыстар жүргізілетінін білмейді екен. Оны «Қарқаралы ауданының білім бөлімі» ММ басшысы Абылай Жәлеловтен сұрауға кеңес берді.

Абылай Армияұлына хабарластық. Ғимарат терезелерін ауыстырумен қатар биыл мекеменің су жүйесі жаңартылып, жеке қазандық қойылатынын айтқан ол жұмысты қаржыландыру шілденің екінші жартысында ғана шешім тапқанын жеткізді. Ауданның бас мұғалімінің айтуынша, тендерді ойнатуға облыстық деңгейдегі бірыңғай ұйымдастырушы жауапты және қазір тендерге қатысушыларға қойылатын талап

күшейгеннен кейін жұмысқа кез келген мердігер тәуекел етпейтін көрінеді. 1975 жылдан бері қолданыстағы мекемеге неге күрделі жөндеу жүргізілмейді деген сауалға ол: – Ғимаратты күрделі жөндеуден өткізуге миллиард теңгеден артық қаржы керек. Сонша ақшаны алу оңай емес. Қаржыны ағымдағы жөндеу үшін бөлшектеп алып, мекемені қалыпқа келтіру тиімді екенін аңғардық, – деп жауап қайтарды.

Абылай Жәлеловтің кейбір сөздеріне қарағанда жөндеуді қаржыландыру кеш басталғанына аудандық білім бөлімі де кінәлі сияқты – жобалау-сметалық құжаттарды басқармаға маусым айында ғана тапсырыпты. Басы оның себебі бұл жұмыспен айналысатын жалғыз-ақ маман болғандықтан деп түсіндірді. Атқарылмай қалған кез келген жұмысқа қатысты сылтау табуға болады. Бірақ, бұл себептер 1 қыркүйектен қоғамдық тәрбие алуға тиісті егіндібұлақтық балдырғандарға балабақшаның орнын ауыстыра алмайды. Әкім-қаралар осыны ұмытпаса екен.



оқылып, оның әндері шырқалып, күйлері тартылды. Әсіресе, Қазбек Талашев пен Зәуре Төлеубаеваның қосыла орындаған «Айттым сәлем, Қаламқас!», Сая Халидोलла айтқан «Бойы бұлған», Қали Еркебұлан тамылжытқан «Желсіз түнде жарық ай» әндерін ел сүйсіне тыңдап, дуылдата шапалақ ұрды. Ал, Диас Ғабдолла тартқан Абайдың «Торжорға» күйі де тыңдармандарды толқытпай қоймады. Әрі Абай шығармалары бойынша викторина болып, оның сұрақтарына дұрыс жауап бергендерге сыйлықтар берілді. «Гүлдер» би тобының билері де жұрттың көңілінен шықты.

Бұл мерекелік шара аудандық орталық кітапхана мен Мәдениет үйінің Ұлы Абайдың биылғы 180 жылдық мерейтойына арнайы жоспарлаған 78 бағыттың бір парасы ғана. Бүгінге дейін аудан көлемінде соның 54-і сәтті жүзеге асырылса, ол одан әрі жыл аяғына дейін жалғаса бермек.

Ескерткіш тақтаның ашылу салтанатының басы-қасында Бұқар жырау ауданы әкімінің орынбасары Әлия Шайкенованың өзі жүріп, оның сәтті өтуіне ұйытқы болып, басшылық етті.

Бұқар жырау ауданы
Суретті түсірген
Жанұзақ МАКИШЕВ

Қарағанды облысы әкімінің аппараты ішкі аудит қызметінің бас инспекторы-мемлекеттік аудиторы Сәкен Шынтасұлы Бименовке орны толмас ауыр қаза анасы

Рысқұл Олжабайқызы РАХЫМЖАНОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайтысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық, қалалық және аудандық кеңестері Ұлы Отан соғысының ардагері, Қарағанды облысының Құрметті ардагері Григорий Петрович СТЕПЕНКОНЫҢ қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық, Балқаш қалалық кеңестері белгілі дәрігер-хирург, еңбек ардагері, Балқаш қаласының Құрметті азаматы Қаукен ҚАСЫМОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Арқаның озды ақыны

Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған онкүндік аясында Семей қаласында өткен «Адамзаттың Абайы» атты республикалық ақындар айтысы өз мәресіне жетті. Қазақтың рухани астанасы саналатын Семей төрінде өткен бұл дүбірлі додада еліміздің әр өңірінен келген от ауызды, орақ тілді ақындар бас қосып, сөз сайысына түсті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айтыс өнерінің шынайы көрінісін көрсеткен бұл байқауға еліміздің түпкір-түпкірінен он екі ақын қатысты. Атап айтқанда, халықтың сүйікті ақындары Айбек Қалиев, Мақсат Ақанов, Мұхтар Ниязов, Рүстем Қайыртаулы, Жансая Мусина, Аспанбек Шұғатаев, Мейірбек Сұлтанхан, Әсем Ережексыз, Шұғайып Сезімхан, Айбек Жеңісқазин, Серік Қуанған және Қуандық Кенжебекұлы сынды танымал ақындар додаға түсті.

Сөз маржанын терген, елдің мұңын жырлаған, рухани биіктік пен көркемдік шеберлікті қатар алып жүрген ақындар тартысты өнер сайысын өткізіп, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

Айтыс қорытындысы бойынша үшінші орынды Абай облысының ақыны Әсем Ережексыз мен Оралдан келген Жансая Мусина иеленіп, әрқайсысына 1 миллион теңге көлемінде ақшалай сыйлық табыс етілді.

Екінші орын Қостанай облысының өкілі Айбек Қалиев пен Қызылордадан келген Мейірбек Сұлтанханға бұйырып, олар 1,5



Сурет ашақ арқамен

миллион теңгеден еншіледі.

Ал, бірінші орынды Алматы қаласының айтыскері Рүстем Қайыртаулы жеңіп алып, 3 миллион теңге иеленді. Оның суырыпсалмалық қабілеті мен терең ойлы сөздері қазылар алқасы мен көрермендердің көңілінен шыққанын атап өткен жөн.

Бас жүлдеге тігілген су жаңа автокөлікке Қарағанды облысының намысын қорғаған дүлдүл ақын Мақсат Ақанов ие болды. Сыйлықты салтанатты түрде Абай облысының әкімі Берік Уәли табыстады.

Айтысқа қатысқан өзге ақындар да назардан тыс қалмады. Барлық қатысушыға 500 мың теңгеден қаржылай сыйлық берілді. Сонымен қатар, Сиязбек Сүлейменов әулетінің атынан тағайын-

далған арнайы 200 мың теңгелік жүлде Қуандық Кенжебекұлына табысталса, Абай облысы әкімінің 500 мың теңгелік арнайы жүлдесі айтыстың көрнекті өкілі Мұхтар Ниязовқа берілді.

Айтыс соңында қазылар алқасына естелік ретінде Абайдың тақиясы мен шапаны тарту етілді. Бұл – рухани сабақтастық пен құрметтің көрінісі іспетті.

Жеңіс сәтінде Мақсат Ақанов жүрекжарды алғысын өлеңмен жеткізді.

«Көп сөйлесең, сөзде де мән қалмайды,
Көп шайнасаң, қазыда дом болмайды.
Абай, Мұхтар,
Шәкәрім туған жерден,
Алсақ деп армандайды
әркім бәйгі.



«Алтын домбыра» иесі болса дағы,
Аханов әр нәрсеге алданбайды.
Өлемнің алтынынан артық маған,
Ұлы Абайдың тойынан алған бәйгі!»

«Адамзаттың Абайы» республикалық айтысы – ұлы Абай мұрасын ұлықтауға, ұлт руханиятын жаңғыртуға бағытталған айтулы шара болды. Бұл доданың Семейде хакімнің туған жерінде дүркіреп өтуі оның рухани маңызын арттыра түсті. Айтыс барысында елдік, ұлттық, тілдік және тарихи тақырыптар кеңінен қамтылып, көрермен көңілінен шықты.

Байқау – сайыс қана емес, бұл – руханияттың, сөз құдіретінің, ұлттық өнердің мерекесі болды.

Айта кетейік, Мақсат Ақанов – ақындар мен әншілердің отаны алтын бесік Ақтоғайдың тумасы. «Алтын домбыра» иегері. Бір басына жетіп артылатын атақ-даңқы бар. Мақсат суырыпсалма айтыста көш бастап келе жатыр. Осы айтыста небір аузымен құс тістеген сүлейлердің өзін шаң қаптырып, тапқыштығы һәм айтыштығымен және өлең өрнегінің көркемдігімен, өзгешелігімен мыңдаған жұрттың таңдайып қақтырды.

Жерлесімізді жеңісімен құттықтап, толағай шығармашылық табыс тілейміз!

• ФЕСТИВАЛЬ

Даналығы – мәңгілік

«Жана Майкұдық» мәдениет үйінде Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының қатысушылары арасында қазақтың ұлы ойшылы, ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Даналығы өлмейді, өлуге жол бермейді» атты қалалық фестиваль өтті. Тәлімі мол іс-шараны облыстық ардагерлер кеңесі ұйымдастырды.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәдени іс-шара аясында қатысушылар төрт бағыт бойынша өнер көрсетті. «Кемеңгер ойшыл» аталымында қатысушылар Абайдың «Қара сөздерінен» үзінді оқып, ойшылдың пәлсапасының тереңдігіне тоқталса, «Сөз зергері» номинациясында ақын өлеңдері жатқа оқылды. «Ұрпаққа аманат» бағытында Абайдың «құлақтан кіріп бойды алатын» әндері шырқалды. Ал, «Абай және мен» аталымында қатысушылар ұлы ақынға арналған өздерінің авторлық өлеңдерін оқыды. – Абай атамызды дәріптеуге барша жұрт болып жұмылу керек. Біз де шама-шарқымыз жеткенше қазыналы қарттарымыздың ықпа-

лымен өз үлесімізді қоссақ дейміз. Қараша халық төл мәдениетімізбен сусындап, ризашылығын білдірді. Тағылымы мол, тәлімі терең іс-шара болды, – деді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғабит Тұяқов.

Әр номинация бойынша қатысушылар мен жетекшілерге, сондай-ақ, ұйымдастырушыларға дипломдар мен естелік сыйлықтар табысталды.

Ұлағаты мол іс-шара ұрпақтар арасындағы рухани сабақтастықтың айшықты көрінісі болды. Абайдың сәулемі сөзі мен сазы, терең ойы мен тағылымы тағы бір жаңғыра түсті. Осындай мерейі мол мерекелер даналық пен дәстүрдің ғұмырын ұзартып, жалпақ жұрттың жүрек төрінен мәңгілік орын алары сөзсіз.

Сурет ұйымдастырушылардан

• МҮШӘЙРА

Жырдан жауһар жаудырып...

Жұрттың назары Абай облысында. Семейде бас ақынның 180 жылдық мерейтойына орай ұланасыр той өтіп жатыр. Ақын мерейтойында Қарағанды қаласында да ел назарын бұрған айтулы шаралар лег-легімен өтуде. Қаланың орталық саябағында «Абайға арзу» атты жас ақындар мүшәйрасының жеңімпаздары марапатталды.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жыр додасы Абай Құнанбайұлының ескерткішіне гүл шоғын қойып, тағзым етуден басталды.

Мүшәйраны Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің «Шырақ» тілдерді оқыту орталығы ұйымдастырды.

Мүшәйраға 17 жас ақыннан өтінім келіп түсіпті. Солардың ішінде 12 ақынның шығармасы қазылар алқасының сараптауынан өтті. Қазылар алқасына тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Салауат Кентбек төрағалық етті.

Байқау қорытындысы бойынша III орын Ералы Ғаниға, II орын Ербұлан Мақатайға, I орын Ерік Нарынға бұйырды. Жыр бәйгесінің бас жүлдесі Ерболат Қуатбекке берілді.

Жүлдегерлер мен қатысушыларға дипломдар, сертификаттар және ынғаландыру сыйлықтары табысталды. Ақындар сахнада Абайға арналған жырларын оқыды.

Кеш барысында шараның құрметті меймандары хакім тұрасында ой толғады. Өнерпаздар қауымы Абай әндерін шырық, күйлерін шертті.

Сурет ұйымдастырушылардан

• БОКС

Абыройды асырған жеңіс

Тайландтың астанасы Бангкоктағы World Boxing Азия чемпионаты Қазақстан құрамасы үшін сәтті сайыстың біріне айналды. Дүбірлі чемпионатта қарағандылық былғары қолғап шеберлерінің мерейі үстем болып, жеңіс тұғырынан көрінді. U19 және U22 жас санатындағы құрлық додасында жерлестеріміз алтын, күміс, қола жүлдесінің әрқайсысынан екі-екіден еншілеп, ел қоржынын толықтырды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байрақты бәсекеге Азияның әр тарапындағы 26 елден 400-ге жуық кіл мықты жиналды. 1 тамыз күні World Boxing федерациясының ұйымдастыруымен басталған бұл чемпионатқа Қазақстан толық құраммен аттанған еді. Ел намысын қорғаған боксшылардың қатарында Қарағанды облысынан жеті жерлесіміз болды. Жарыстың алғашқы күнінен бастап, олар шаршы алаңда еркін қимылдап, қарсыластарын қапы қалдырды.

U19 санаты бойынша әйелдер құрамасында 48 келіде Гүлназ Бөрібаева, 51 келіде Томирис Мырзақұл, 57 келіде Аяжан Ермек және 60 келіде Алина Құдайғенова топқа түсті. U19 ерлер сапында 80 келіде Тимур Тайбеков, 85 келіде Нұрсұлтан Қыстаубай және 90 келіде Расул Асанханов бақ сынады. Алғашқы айналымда-ақ олар қарсыластарын сан соқтырып, актық сынға жолдама үшін бар күш-жігерін салды.

Чемпионаттың шешуші айқасы тамыздың 10-11 күндері өтті. Жангелді Ахметовтің жетекшілігіндегі қыздар командасы 1 алтын, 1 күміс және 5 қола медаль еншіледі. Жүлдегерлердің арасында жерлесіміз Аяжан Ермек 57 келі салмақта финалға шығып, үндістандық Мусканға 2:3 есебімен есе жіберіп, күміс жүлдегер атанса, Алина Құдайғенова қола жүлдені иеленді.



Жастар құрамасының (U19 ерлер) аға жаттықтырушысы Мақсат Бактыбазаров бастаған жігіттер бір алтын, төрт күміс және бір қола медаль қанжығалады. Бұл құрамдағы ең жойқын жеңіс – жерлесіміз Расул Асанхановтыкі. Ол 90 келіде финалда үндістандық Хемант Сангваны 4:1 есебімен тізе бүктіріп, Азия чемпионы атанды.

– Жеңіс әсте оңайлықпен келмейді. Ақтық сын болған соң қарсылас та бар күшін салып, тырмысып бакты. Әйткенмен, бақ пен бап қатар шауып, жеңіске жеттім. Жаттығуда төгілген тердің өтеуі осындай сәтте қайтады екен, – деп ой бөлісті жеңімпаз.

Сол санатта Нұрсұлтан Қыстаубай 85 келі салмақ дәрежесінің финалында өзбекстандық Самир Сабировқа 0:5 есебімен жол беріп, күміс медальға қол жеткізді. Сонымен қатар, 80 келі салмақта

Тимур Тайбеков ақтық кездесуде өзбекстандық Нормбек Абдуллаевқа есе жіберді. Есеп – 1:4.

Ақжолтай хабардың тағы бір шуақты тұсына тоқталсақ, күні кеше өткен U22 жас санаты бойынша ақтық бәсекеде жерлесіміз Гүлназ Бөрібаева (48 келі) өзбекстандық Робияхон Бахтиерованы 4:1 есебімен жеңіп, Көк Туды желбіретті.

Жарыс қорытындысы бойынша облыстан барған былғары қолғап шеберлерінің түгелі дерлік жүлдеге ілікті. Облыстың спорт саласының қарқынды саннап артып келеді. Ал, аға жаттықтырушылардың айтуынша, бұл жеңіс келер жылғы әлем чемпионаты мен Олимпиада ойындарына дайындықтың маңызды баспалдағы болмақ.

Сурет бокс федерациясының парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлы БАСТЕНОВА Бас редактордың м. а. Қ.А. АЙТЖАН Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. ● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. ● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. ● Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет жейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ый. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru	«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBZKXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 478 №87 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арқа» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР
---	--	---	---	---